

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

География және табиғатты пайдалану факультеті

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы

**ЕВZh 1108 және ЕВZhCh 1108 – «Экология және адам
тіршілігінің қауіпсіздігі» пәнінің қорытынды емтихан
бағдарламасы**

**«6B05205 - География» білім беру бағдарламасы
«6B05203 - Гидрология» білім беру бағдарламасы
1 және 2 курс**

Алматы, 2025 ж.

ЕВZh 1108 – «Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі» пәні мен ЕВZhCh 1108 – «Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі» пәні бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын «6B05205 - География» және «6B05203 - Гидрология» білім беру бағдарламаларын негізінде Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының доценті, т.ғ.к. Құтжан А.Н. құрастырды.

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының мәжілісінде қаралды және ұсынылды

№ 15 хаттама, 18 наурыз 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Т.А. Базарбаева

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ТҮРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

Емтихан форматы: синхронды, яғни білім алушы нақты уақытта «осы жерде және қазір» режимінде емтихан тапсырады.

Емтихан өткізу формасы – Стандартты жазбаша емтихан.

Емтихан түрі – офлайн.

Емтихан өтуді бақылау – бейне көрініс немесе оқытушы

Емтихан формасын өткізу ережесі

Билеттің барлық сұрақтарына жауап беруге 2 сағат ұсынылады.

Студентке арналған нұсқаулық

Білім алушы міндетті

1. Емтихан өтетін аудиторияға кестеде көрсетілген уақыттан 20 минут бұрын келуі керек. Кешіккен білім алушылар емтиханға жіберілмейді.

2. Барлық жеке заттарыңызды олар үшін арнайы бөлінген жерде қалдыру керек.

3. Әр студенттің өзімен бірге қалам, сынақ кітапшасы немесе жеке куәлігі болуы тиіс.

Куәландырушы құжаттар болмаған жағдайда білім алушы емтиханға жіберілмейді!

Жалған тұлға анықталған кезде тәртіптік жазаға жалған тұлға да, сондай-ақ білім алушының өзі де жауапкершілікке тартылады.

4. Білім алушы келу парағына қол қою керек және келу парағында көрсетілген орынға отыруы тиіс.

5. Кезекші оқытушының нұсқауларын мұқият тыңдап, оларды орындаулары керек.

6. Кезекші оқытушыдан емтихан парағын алуы қажет.

7. Егер емтихан билетінің сұрақтарын оқу және түсіну басып шығару сапасының нашарлығынан қиын болса немесе жауап парағында деканаттың мөрі болмаса, онда кезекші оқытушыға хабарлауы тиіс.

8. Әрбір емтихан сұрағына жауап рет-ретімен баяндалуы тиіс, бір сұраққа жауапты әртүрлі беттерде бытыраңқы түрде баяндауға жол берілмейді.

9. Егер емтихан билетінде дұрыс емес сұрақ немесе пәннің үлгілік бағдарламасына сәйкес келмейтін сұрақ болса, жауап парағында көрсетуі тиіс.

10. Қажет болған жағдайда студент кезекші оқытушыдан қосымша жауап парағын сұрауға болады.

11. Емтихан сұрақтарына жауап емтихан аяқталатын уақыттан бұрын аяқталған кезде, кезекші оқытушыға хабарлап, оған жауаптың емтихан парағын тапсыруына және кезекші оқытушының рұқсатынан кейін аудиториядан шығуына болады.

Тыйым салынады:

1. Емтихан кезінде рұқсат етілмеген қосалқы материалдар мен құралдарды (шпаргалкалар, ұялы телефондар (қосылған немесе ажыратылған), өзге де электрондық құрылғыларды және т.б. өзімен бірге алып жүру.

2. Корректорды пайдалану.

3. Жауап парағы мен емтихан билетін басқа білім алушыларға беру (ауысу).

4. Кезекші оқытушының рұқсатынсыз шу шығару, сөйлесу, орнынан тұру және аудиторияда жүру.

5. Емтихан билетінің сұрақтарына жауапты уақытынан бұрын аяқтауды қоспағанда, кезекші оқытушының рұқсатынсыз емтихан аудиториясынан шығу.

Емтихан сұрақтарының саны: 30 сұрақ, әр билетте 3 сұрақтан беріледі.

Жазбаша емтихан тапсырудың жалпы уақыты – 2 сағатты құрайды. Емтихан кезінде білім алушылар емтихан ережелеріне және тәртіпке толық бағынулары тиіс.

Бағалау саясаты: Емтихан нәтижесі 100 баллдық шкала бойынша бағаланады, тиісті халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквиваленті және бағалау дәстүрлі жүйе бойынша қойылады. 3 Сұрақ бойынша бірінші сұраққа 33 бал, екінші сұраққа 33 бал, 3 сұраққа 34 бал қойылады.

Бағалау	Критерийлер:
«Өте жақсы»	1. Теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілген. 2. Практикалық тапсырма толығымен шешілген. 3. Материалдар логикалық жүйелілігіне сәйкес сауатты берілген. 4. Шығармашылық қабілеттері көрсетілген.
«Жақсы»	1. Теориялық мәселелер дұрыс, бірақ толық емес жауаптар, мәнсіз қателіктері немесе дәлсіздіктер кездеседі. 2. Практикалық тапсырма орындалған, алайда жіберілген болмашы қателік кездеседі. 3. Материалдар логикалық сауаттылықпен жасалаған.
«Қанағаттанарлық»	1. Жауаптар теориялық сұрақтар негізінен дұрыс, бірақ толық емес, дәлсіздік және логикалық қателік кездеседі. 2. Тәжірибелік тапсырма толық емес. 3. Материалы сауатты, бірақ логикалық жүйелілігі қарастырылмаған.
«Қанағаттанарлықсыз»	1. Жауапта теориялық сұрақтарға байланысты өрескел қателіктер жіберілген. 2. Практикалық тапсырма орындалмаған. 3. Баяндау жауабында грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберілген, логикалық жүйелілік сақталмаған.

КІРІСПЕ

«Экология және адам тіршілігінің қауіпсіздігі» пәні организмдер санының таралуы мен динамикасының ерекшеліктері мен тірі жүйелер мен заттардың айналымы әдістерін қарастырады. Табиғи және антропогендік экологиялық процестерді және оларды реттеудің мүмкін жолдарын да қарастыра отырып, тірі организмдердің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін реттейтін негізгі заңдылықтарын игереді. Организмдер санының таралуы мен динамикасының ерекшеліктерін, қауымдастықтар құрылымы және олардың динамикасын зерделейді. Тірі жүйелер мен заттардың айналымын, экологиялық жүйелер мен тұтастай биосфера арқылы өтетін энергия ағындарының заңдылықтары туралы алған білімдерін қалыптастырады.

Пәннің мақсаты: тірі табиғат пен қоғамның заңдылықтары жайлы білімгерлердің экологиялық білімдерін түзу, экологиялық тәрбие мен білімдерін қалыптастыру және тұрақты даму заңдылықтарын кәсіби қолдану.

Қорытынды бақылауға арналған тақырыптар:

- Тақырып 1. Экология ғылымының негізгі бөлімдері және экология ғылымының даму тарихы
- Тақырып 2. Қоршаған орта мен тірі ағзалардың қарым-қатынасының заңдылықтары
- Тақырып 3. Экологиялық факторлардың түрлері мен олардың әсер қоршаған ортаға әсер ету жағдайлары
- Тақырып 4. Ғаламдық экологиялық проблемалар және оларды шешудің тиімді жолдары
- Тақырып 5. Биосфера, оның тұрақтылығы мен компоненттері
- Тақырып 6. Экология және тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі саласындағы қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер, стандарттар мен нормалар туралы
- Тақырып 7. Табиғи қауіптер бойынша жер сілкінісі, селсу басуы және қар көшкіні туралы
- Тақырып 8. Табиғи ресурстар түрлері мен оларды пайдаланудың ұтымды жолдары
- Тақырып 9. Радиациялық қауіпті нысандар мен иондаушы сәулелер және олардан қорғану шаралары
- Тақырып 10. Жер ресурстарын ластанудан қорғау мен оларды қалпына келтірудің тиімді жолдары
- Тақырып 11. Атмосфералық ауа, оның құрылымы мен ауаның ластануын бағалау түрлері
- Тақырып 12. Су ресурстарын қорғау мен ақаба суларды тазарту әдістері
- Тақырып 13. Төтенше жағдайлар мен олардың түрлері
- Тақырып 14. Қоршаған орта мен адамдарды түрлі қауіп-қатерлерден қорғау түрлері
- Тақырып 15. Өндірістік нысандардағы жарылыстар кезіндегі халықты қорғау шаралары

Қолданылған әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Оспанова Г.С. Экология: оқулық / Г.С. Оспанова, Г.Т. Бозшатаева. - 2-бас. - Алматы: Эпиграф, 2016. - 315 б.
2. Немеребаев М. Тіршілік қауіпсіздігі. Оқу құралы. Алматы, 2017.
3. А.К.Таныбаева, К.Д. Абубакирова, С.О. Кожагулов.,Т.А. Базарбаева. «Экология және тұрақты даму. Оқу құралы. Алматы, 2015
4. Каримов А.Н. Экологияның химиялық негіздері. Оқу құралы. Алматы, 2014 ж.
5. Колумбаева С.Ж., Бильдебаева Р.М., Шарипова М.А. Экология и устойчивое развитие Казахстана. Учебное пособие. Алматы, 2011
6. ТЖ және АҚ жөніндегі материалдардың ақпараттық-әдістемелік жинағы /ҚР ТЖ жөніндегі агенттігі. Алматы, 2010-2016 ж.ж.
7. Булекбаева, К.Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау оқулық - Алматы: Эверо, 2015.- 157 б.
8. Экология және тұрақты даму оқулық/А.Қ.Саданов, Н.Ш.Сүлейменова, Н.С.Дәменова [ж.т.б.]; ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Алматы: Эпиграф, 2015.- 404 б.
9. Стурман, В.И. Оценка воздействия на окружающую среду: Учебное пособие / В.И. Стурман. - СПб.: Лань, 2015. - 352 с0
10. Тарасова, Н.П. Оценка воздействия промышленных предприятий на окружающую среду: Учебное пособие / Н.П. Тарасова, Б.В. Ермоленко, В.А. Зайцев, С.В. Макаров. - М.: БИНОМ. ЛЗ, 2012. - 230 с.

Қосымша әдебиеттер:

11. Тарасова, Н.П. Оценка воздействия промышленных предприятий на окружающую среду: учебное пособие / Н.П. Тарасова, Б.В. Ермоленко. - М.: Бином. Лаборатория знаний, 2012. - 230 с.
12. Шекова, Е.Л. Оценка воздействия на окружающую среду: Уч.пособие / Е.Л. Шекова. - СПб.: Лань, 2015.

- 352 с.4. Кукин, П.П. оценка воздействия на окружающую среду. экспертиза безопасности: Учебник и практикум для бакалавриата и магистратуры / П.П. Кукин, Е.Ю. Колесников, Т.М. Колесникова.- Люберцы: Юрайт, 2015. - 453 с.

13. Кукин, П.П. Оценка воздействия на окружающую среду. Экспертиза безопасности: Учебник и практикум / П.П. Кукин, Е.Ю. Колесников, Т.М. Колесникова.- Люберцы: Юрайт, 2016.-453 с.

14. Таловская А. В. Оценка воздействия на компоненты природной среды. Лабораторный практикум [Электронный ресурс]: учеб. пособие / А. В. Таловская, Л. В. Жорняк, Е. Г. Язиков – Электрон. текстовые данные. – Томск: Томский политехнический университет, 2014. – 87 с

15. Основы экологического мониторинга: практ. пособие для бакалавров экологии / И. С. Белюченко, А. В. Смагин, Г. В. Волошина [и др.]. – Краснодар : КубГАУ, 2012. – 252 с.

Ғаламтор ресурстары:

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. [ҚР Экологиялық Кодексі, 2021 ж.](#)
3. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023928#z10>
4. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000142>
5. <https://greenorda.kz/index.php/kk/service/obos/>
6. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P22000000187>
7. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023830>

ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ФАКУЛЬТЕТІ БОЙЫНША
ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
БАҚ/ЖАЗБАША (ОФЛАЙН)

Пән: Қоршаған ортаны экологиялық бағалау. Форма: дәстүрлі жазбаша/офлайн. Платформа: Универ жүйесі

Балл Критерий	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттандырылғысыз	
	90–100 балл	70–89 балл	50–69 балл	25–49 балл	0–24 балл
1-сұрақ 33 балл	30-33	23-29	17-23	8-16	0-8
1. Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну.	Сұрақтарға толық жауаптар берілді, көрнекі мысалдармен суреттелді; жауаптар сауатты ғылыми тілде баяндалды, барлық экологиялық экономикалық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылды және дұрыс сипатталды.	Сұрақтарға жалпы дұрыс жауаптар берілді, бірақ кейбір жауап толық болмады. Барлық экологиялық - экономикалық ғылымына қатысты терминдер дұрыс қолданылмады, келтірілген мәліметтерде қате болды және сондай-ақ стилистикалық қателіктер де болды. Жауаптар мысалдармен дұрыс көрсетілмеді.	Сұрақтарға жауаптар үзінді болып табылады, келтірілген тұжырымдар дұрыс емес. Тақырыпты толық ашылмады. Жауап жалпы курстың мазмұны бойынша болды, нақты мәселелерді сипаттай алмады.	Жауаптар сұрақтардың мазмұнына сәйкес келмейді. Пәннің сұрақтарына қатысты негізгі ұғымдар қате түсіндірілді.	Сұрақтарға жауаптар бере алмады; студент пән мазмұнының негізгі бөлігін білмейді немесе түсінбегені көрсетілді. Емтихан ережелері сақталмады.
2-сұрақ 33 балл.	30-33	23-29	17-23	8-16	0-8
2. Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты қолданбалы тапсырмаларға қолдану.	Курстың технологиясы мен әдісі жақсы қолданылды; экологиялық экономикалық ұғымдар міндетке қажетті қолданылды, қойылған негізгі проблема логикалық және дәлелді түрде ашылды.	Курстың әдісі мен студенттің алған білімі толық қолданылмады, бірақ нақты практикалық мәселелерді шешуге бейімделген; студенттің берген жауаптары мазмұны бойынша реттелмеген, жауапта маңызды емес қателіктер болды, бірақ негізгі сұрақтың аркасында жақсы жауап бере алды;	Курстың құралдары жартылай қолданылды, мазмұны толық ашылмады, жауапта дәлсіздіктер болды, жауаптардың логикасы бұзылды, берілген материалдың мағынасы жоқ, пәнаралық байланыстар туралы түсінік болмады.	Пәннің маңызды бөлігі дұрыс қолданбады, жауаптарда көп қателіктер жіберілді, билет бойынша қосымша сұрақтарға жауап бере алмады пәнге қатысты әдістерді қолдана алмады.	Қойылған мақсат шешілмеді, себебі әдістер мен технологияны дұрыс қолданыла аймағаны көрсетілді; жауап беру кезінде (бір сұраққа) көптеген қателіктер жіберілді; пәннің материалдың игермеген. Қорытынды бақылау жүргізу қағидалары сақталмады.

3-сұрақ 34 балл.	31-34	24-30)	17-23	9-17	0-9
3.Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, нәтижені негіздеу.	Белгілі бір тақырып бойынша әдістер мен технологияларды интеграциялау, негіздеу және талдау, жауапты құрылымдау, емтихан билеті мәселесі бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 5 ережесін талдау қабілетінің болуы, жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, оның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен суреттеледі; диалог жүргізу және ғылыми пікірталасқа түсу қабілетін көрсетті.	Білімді жаңғырту кезінде елеусіз қателіктер жібере отырып, ғылыми-техникалық терминдерді қолдану арқылы өз пайымдауларын бекіту үшін көрнекі материалдарды кейіннен пайдалана отырып, курстың әдістері мен технологияларын қолдануды интеграциялау және талдау; емтихан билеті мәселесі бойынша қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің, бағыттардың 3-4 ережесін талдау.	экологиялық және экономикалық заңдылықтар мен принциптерінің жалпы негіздемесі, оқу бағдарламасына сәйкес материалдың негізгі көлемін оның көбеюіндегі қиындықтармен және жетекші сұрақтардың талабымен әлсіз қолданды;	Курстың әдістері мен технологияларын қолданудың негізділігі мен талдауының болмауы, репродуктивті сипаттағы сұрақтарға жауап беру кезінде қиындықтар кездесті.	Мысалдар келтіруде, көрнекі материалдарды қолдануда курс әдістемесін қолдану қабілетінің болмауы; Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзылды.

